

Қазақта “Балалығыңды сағынсаң, нағашыңа бар” деген ұлағатты сөз бар. Шынымен, бақытты балалық шағымды көз алдыма елестетсем, нағашы жұрттым есіме түседі. Нағашыларға деген жақындық анамның сүтімен, тәрбиесімен берілгендігі сөзсіз. Анамның інісі Бүркітке (шын аты Бүркітбай) деген бауырмалдық сүйіспеншілігін бала кезден көріп өскендіктен болар, ол кісіні ерекше құрмет тұтамын.

ҒАЛЫМНЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Нағашым деп отырғаным, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан тарихы мен саяси ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан, биыл 70 жастың биігіне көтерілгелі отырған белгілі ғалым – Бүркітбай Аяған.


Бүркітбай Ғелманұлы – қазіргі Есіл ауданы, Ақтас ауылының тумасы. Бастауышты ауыл мектебінен оқып, 5-ші сыныпты Мамлютқадағы санаторий мектепте жалғастырып, кейін онжылдықты Тораңғұл мектеп-интернатында бітірді. Қазақ тілді ортадан шыққан ауыл баласына оқуын орыс тілінде жалғастыру оңайға түспегені анық. Алдына мақсат қойып, оны орындау үшін маңдай тер төгу қажет екенін жеткіншек жасынан түсінген Бүркіт ағамыздың жігерлі мінезі әлі күнге дейін сол қалпында. Оның бала күннен қалыптасқан тағы бір ұстанымы – өзіне сенім артқан жандардың сөзін жерге тастамау. Ол мінез ата-анасының тәрбиесімен қалыптасты.

Ұлы Отан соғысының ардагері Ғелман ағамыздың мінезі тік, жігерлі, бауырмал жан болғанын көзі көргендер айтады. “Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі” демекші, соғыстан аман оралған ағамыз жол апатынан 49 жасында қайтыс болды. Бүркіт ағам он бір жасында жетім қалды. Анасы Бикамал жеті баласының ішінде осы ұлынан зор үміт күтіп, үлкен сенім артты. Ұлын шалғайда орналасқан орыс мектебіне жібергені де сондықтан болар.

Бүркіт ағам әскери борышын өтеп жүрген кезінде нағашы әжеміз қайтыс болды. Нағашым елге оралған соң, өзінен кейінгі бауырларын аяққа тұрғызу үшін ауылда еңбек етуге бел буады. Десек те аналарының арманын орындау үшін Бүркіт ағам жоғары білім алуға Алматыға аттанады.

Ауылдың қара домалақ баласына ғылым шыңын бағындыру оңай болған жоқ. Бұл – үлкен ізденіс, қажырлы еңбек, жігерлі мақсат, болашаққа деген сенімнің арқасында жүзеге асқан шаруа.

Бүркітбай Ғелманұлы Абай атындағы педагогикалық институтты тарих факультетін бітірді. Жасыратыны жоқ, қылышынан қан тамған кеңес заманында жоғары оқу орындарындағы тарих факультетіне оқуға түсудің өз қиындықтары болатын. Мансапты мамандыққа көбінесе шенділердің балалары түсетін. Білімі терең, мақсаты нық Бүркіт ағам сыннан сүрінбей өтіп, жиырма жасында тарих тағылымының алғашқы баспалдағын аттаған еді. Университет қабырғасында жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқан жігіттің бойындағы күш-қуатты, білімге деген құштарлықты оқытушылары аңғармай қалмады. Педагогикалық институтта еңбек ететін не-



бір зиялы тұлғалардың дәрісін тындап, ақыл-кеңестерін бойына сіңірді.

Бүркітбай Ғелманұлы оқыған жылдары тарих факультетінің деканы профессор, филология ғылымдарының докторы Қадыршат Шүлембаев болыпты. Заманында Н.Бернштам экспедициясында жұмыс істеген доцент И.Копылов небір оқиғаларды қызықтыра айтып, болашақ ғалымды мамандыққа баули түседі. Тарихты білуге деген қызығушылығы артқан сайын зерттеушілік дағдылары қалыптаса бастаған Бүркітбай Ғелманұлы тәлімгері И.Копылов ұйымдастырған жазғы экспедицияларға ілеседі. Сол жылдары “Алтын адам” реставраторлары Владимир Садомаков пен Қадыр Итеновтің жұмыстарымен танысып қана қоймай, өздерімен бетпест кездескенін естігенмін.

1979 жылы институтты сәтті бітірген ағамыздың жоспары елге қайту болатын. Бірақ факультет деканы Қ.Шүлембаев болашағы зор студенттің институтта алып қалғысы келіп, оқытушылық қызмет ұсынады. Ұсыныс пен сенім қызықтырмай қоймасы анық. “Үлкен әпкелерімнен ақыл сұрап хат жазып өдім, олар менің Алматыда қалғанымызды қалады. Деканның идеясын өзіммен бірге №49 бөлмеде тұрған достарым да қызу қолдады. Осылайша 1979 жылдың қыркүйегінде Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқытушы ретінде қабылдандым. Ол кезде мен 25 жаста болатынмын”, – дейді өзінің естелік кітабында Бүркіт ағам.

Институт қабырғасында оның оқытушылық, ғалымдық еңбек жолымен қатар, көшбасшылық қабілеті де айқын көріне бастайды. Бойында – жалын, көңілінде жігері жанып тұрған жігіт көпшіліктің қолдауымен 1981 жылы институттың комсо-

мол комитетінің хатшысы болып сайланады. Комсомол съездері мен пленумдарына бірнеше рет делегат болып сайланып, бойындағы көшбасшылық қасиеттерді тереңдете түскен. Десек те, жүрегінің түкпірінде жатқан ғылым жолы да, өзінің қабілетін сынға салар уақытты жақындату мақсаты да көңілінен шықпайды. Жастармен жұмыс істей жүріп осы бағыттағы өзінің кандидаттық ізденісін де жүйелей бастаған еді. Бүркіт Аяған елдегі студент жастарға идеялық-саяси тәрбие беру мәселесіне арналған кандидаттық жұмысын 1988 жылы қорғаған болатын. Он бір жылдан кейін “Қазақстанның 1970-1990 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуы” атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ол 300-ден аса ғылыми еңбек пен мақалалардың, орта мектеп пен ЖОО-ға арналған оқулықтар, оқу құралы, монография, энциклопедия, ғылыми-бұқаралық басылымдардың авторы.

Бүркітбай Ғелманұлы кеңестік заманның басқару жүйесін де, Қазақстанның тәуелсіздік мәртебесін алу жолындағы қиындықтарды да бір адамдай біледі. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында басталған қоғамдағы үлкен өзгерістер көз алдында өтті. Ол “Горбачевтың қайта құру” саясатын қуана қолдады. Қазақ жерін демократиялық елге айналдыру жолындағы қадамдар оның есінде. “Дос Көшім, Жасарал Қуанышалин үшеуіміз қоғамды демокмунизациялау және Қазақстанға нақты егемендік беруді мақсат еткен бейресми ұйым құрағынымыз да елдің болашағына деген алаңдаушылық еді. Осы кезеңде одақ құрып, бой көрсеткендер аз болмады. Мұндай одақтар өте көп болатын. Ұйымдардың мақсаты кейбір

адамдар үшін түсініксіз еді, мен КОКП мүшесі, Комсомол съездерінің делегаты болған соң, мән-жайға терең бойлай алдым”, – дейді естелігінде. Қазақстан көгінде тәуелсіздік туының желбірейтін күні алыс емес екенін алғашқылардың қатарында түсінді.

Бүркітбай Ғелманұлы – ой-тұжырым, ұсыныс-тілектерін бұқаралық ақпарат құралдарында жиі жариялайтын публицист. Қазақ, орыс тілдерін жетік меңгерген оның өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, бүгінге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында талай сұхбаттары жарық көрді.

Бүркіт ағамның есінде ерекше қалған тарихи белестің бірі – Желтоқсан оқиғасы. Педагогикалық институт қабырғасында еңбек етіп жүрген оқытушының ойы мен арманы жастармен бірге еді. Өзі де оқиға ортасында жүріп, бастары пәлеге қалған студенттерін қорғап қалу үшін түрлі әрекеттерге барғанын, қиын-қыстау кезеңді күіне еске алады. Ойды да, мақсатты да бұрмалайтын заман болғанына ашынады.

Сол кездегі көптің көзіне түскен қоғамдық ұйымның бірі – “Ақиқат” еді. Ол туралы: “Бетбұрыс кезінде сүттің бетіне қалқып шыққан қаймақтай ұйымның әрекеттері бастапқыда жасырын жүргізілді. Жылдар бойғы тұмшаланып келген ақиқатты студенттерге, жұмысшы жастарға түсіндіріп, көздерін ашып, көкіректерін ояудың әрекеттерін жасадық. КПСС-тің қалыптасқан нығыз жүйесін, тізгінің өлі де Мәскеу қолында екенін білетін жігіттер ақырын басып, андап сөйледі. КГБ-ның құлағы да түрік жатты, әдеткідей аңду қимылдары күшейтілді”, – дейді.

Бүркіт ағамның шет елдерге іскерлік сапарлары да мені қызықтыратын. Оның сырт елдермен таныстығы 1980 жылы Вьетнам елінен басталыпты. Өзінің айтуынша, 1985 жылы “Интеротряд” құрылысының командирі ретінде Германия Демократиялық Республикасында екі ай болған. 1991 жылы Президент Әкімшілігі мен Министрлер кабинетінің қызметкері ретінде АҚШ-тағы ғылыми конференцияға қатысқан. 1996 жылы біліктілікті арттыру тобының құрамында бір айға АҚШ конгресіне жолдама алып, келесі жылы Жапонияға сапарға аттанды. 2004 жылы әйгілі Гувер атындағы (АҚШ) мұражайда зерттеу жұмысын жүргізеді. Ал 2013-2014 жылдары Амстердамда (Нидерланды Корольдігі) Халықаралық әлеуметтік институтында ғылыми тағылымдамадан өткен. Бүркітбай Ғелманұлы 2015-2018 жылдар аралығында Қазақстан тарихының қазіргі кезеңі бойынша Польша, Жапония, Германия, АҚШ, Венгрия, Грузия, Әзірбайжан, Қырғыз Республикасы, ҚХР, Ресейде (Мәскеу, Орынбор, Татарстан, Башқұртстан, т.б. аймақтарында) баяндама жасаған.

1998 жылы ҚазГЗУ-ға қызметке орналасып, ғылымға қайта оралғанымен араға бір жыл салып, сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбаевтың шақыртуымен бастапқыда департамент директорының орынбасары қызметіне, кейін Алматы қаласы ақпарат басқармасының бастығы болып тағайындалады. “Басқарма жаңа бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеумен, қоғамдық

ой-пікір және көңіл күй мониторингімен, қоғамдық қозғалыстармен байланысу жұмыстарымен айналысты. Сол кезде заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың істерімен де белсенді айналыстық. Қаласам да, қаламасам да, тағы да саяси оқиғалардың ортасына тап болдым. Менің басты ұстанымым – заңсыз әрекеттер жасамау, адами қасиеттерден айырылмау маңызды болды, кейін ұрпақ алдында ұятты болмауға тырыстым” – дейді ол.

Бүркітбай Аяғанның тарихшы болып қалыптасуында көптің арман-тілегі жатқандай. Бастапқыда анасының, бауырларының тілегін арқалап, білім-ғылымның сара жолын аттаған Бүркіт Ғелманұлының азаматтық міндеті заман ағымымен сабақтасып, қазақ халқының бұрмаланған тарихының түйінін шешіп, ақиқатын айтуды, жаңаша көзқараспен жеткізуді жүктеді.

Ғалымды өу бастан-ақ қазіргі заман тарихы, ежелгі және орта ғасыр шежіресі қызықтырды. Қазақстан тарихын жаңаша жазу қажеттілігі туындаған 1989-1990 жылдары орта мектептердің 10-шы сынып оқушыларына арналған “Қазақстан тарихы” оқулығын жазуды қолға алды. Ғылыми кеңесшісі болып белгілі ғалым, академик Кеңес Нұрпейіс бекітілді. Кейін Б.Аяғанның басшылығымен “Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы” атты ұжымдық монография да жарық көрді. Бүркітбай Аяғанның зерттеулерінде ХХ ғасырдағы Қазақстандағы саяси репрессиялар, әлеуметтік өзгерістер, ұлттық сананың қалыптасуы сияқты маңызды тақырыптар қамтылған. Сонымен қатар ол тарихи деректерді жинақтау және талдау әдістерін жетілдіруге бағытталған көптеген еңбектер жазды. Ғалым ретінде Қазақстан тарихының күрделі кезеңдеріне терең талдау жасай отырып, ұлттық мүдде мен рухани құндылықтарды сақтап қалуға өзінің сүбелі үлесін қосып келеді.

Тарихшы-ғалымның киноиндустрия саласында да қолтаңбасы бар. 2001 жылы белгілі режиссер Талғат Теменовтің ұсынысымен “Көшпенділер” фильмінің кеңесшісі болды. Түсірілім барысында кино әлеміндегі тұлғалармен таныстығын өмірінің бір қызықты кезеңіне балайды. “Қазақстандық өртістер Меруерт Өтекешова, Тұңғышбай Жаманқұлов, Досхан Жолжақсынов, Дильназ Ахмадиева түсті. Айта кетерлігі, дарындылық және режиссерлер жағынан салыстырған кезде “фактурада” қазақ актерлері американдық әріптестерінен кем түспеді”, – деп бағасын береді. Кейін “Ұлы дала дүбірі”, “Жау жүрек мың бала” кинофильмдеріне де кеңесші болған.

2004 жылы “Қазақ энциклопедиясы” ЖШС бас директоры қызметіне тағайындалып, ұжымның жұмысын оң жолға қойды. Ондағы талантты және білімді ғалымдарды жігерлендіріп, бірқатар жаңа жобаларды қолға алды. Бірнеше ғылыми еңбектің басылып шығуына ұйытқы болды. 2008 жылы жаңадан ашылған Мемлекет тарихы институтының директоры қызметіне тағайындалып, бүгінге дейін сол мекемеде абыройлы қызметін жалғастырып келеді.

Гүлгүл ҚУАТҚЫЗЫ,
М.Қозыбаев атындағы
СҚУ-дың оқытушысы.